

ҚАЗІР БІЗДІҢ АЛДЫМЫЗҒА ҚОЙЫП ОТЫРҒАН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ – МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: БӘРІМІЗ ЖӘНЕ ӘРҚАЙСЫМЫЗ ҮШІН. ҚАЗІР ЖӘНЕ ӘРДАЙЫМ» САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ. ОНЫҢ АЯСЫНДА 2023-2029 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА 11 МЫҢ ШАҚЫРЫМ ТЕМІРЖОЛ УЧАСКЕЛЕРІН ЖӨНДЕУ КӨЗДЕЛГЕН. АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ 1 480 ШАҚЫРЫМ ЖОЛДЫ ЖӨНДЕУ ЖОСПАРЛАНУДА. СОНДАЙ-АҚ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖӘНЕ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕЙТІН ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА, ЖОҒАРЫ ПАЙДАЛАНУ СИПАТТАМАЛАРЫ БАР ЖАБДЫҚТАР МЕН КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІНЕ КӨШУ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Магистральдық желі дирекциясының директоры

Сәкен РАХМЕТОВ,



№66-67 (3105-3106)
19/08/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Мұрат Төрегелдиннің төрағалығымен теміржол көлігіндегі қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңейтілген кеңес өтті. Дөңгелек үстел басына теміржолшылар, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының өкілдері жиналды. Жиында, мал-жан басуды және жол-көлік оқиғаларын барынша азайту, жеке тармақ иелерінің кірме жолдарында жылжымалы құрамның жолдан шығуын болдырмау шаралары талқыланды.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Сонымен қатар 2025-2027 жылдарға арналған Қазақстан темір жолдарындағы мүліктің қауіпсіздігі мен сақталу деңгейін арттыру жөніндегі жол картасының іс-шаралары қаралды.

Кездесуге қатысушылар теміржолдағы жарақаттанудың басты себебі азаматтар мен автокөлік иелерінің қауіпсіздік ережелерін бұзуы болып отырғандығын атап өтті.

«Белгіленбеген жерлерден өту, кейде құлаққаптарда теміржол өткелдерін кесіп өту, ішімдік ішкендер мен көлік жүргізушілерінің теміржол өткелдерінде ереже сақтамауы қайғылы статистиканың негізгі себептері болып отыр. Көбінесе локомотив бригадаларының кәсібилігі соққылардың алдын алуға мүмкіндік береді. 2025 жылдың 6 айында машинистер



жол бойында бөгде адамдардың шығуына байланысты 288 шұғыл тежеу қолданды, өткелдерде ЖКО-ның 54 жағдайының алдын алды», – деді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры Марат Шахенов.

Кеңесте адамдардың белгіленбеген орындарда темір жолды кесіп өтуі және өткелдерде тыйым салу сигналынан өткені үшін жауапкершілікті қатаңдату бойынша бірлескен жұмысты жалғастыру, сондай-ақ заманауи техноло-

гияларды пайдалана отырып, бұзушыларды бейне және фотофиксациялаудың автоматты жүйесін енгізу мүмкіндігін қарастыру қажеттігі атап өтілді.

(Жалғасы 2-бетте)

Суретті түсірген Әділ ҚАЙЫРБЕКОВ

ЛОГИСТИКА ВЫСОКОГО УРОВНЯ



АО «KTZ Express» и Great Sky объединяют усилия для развития экспорта и логистики высокого уровня. очередным шагом в этом направлении стала договоренность о сотрудничестве в рамках стратегического проекта по экспорту продукции ТОО «Казахстан Парамант Инжиниринг».



По приглашению партнеров делегация KTZ Express во главе с заместителем генерального директора по коммерции Улутбек Оразовым посетила производственную площадку ТОО «Казахстан Парамант Инжиниринг», где были подробно изучены процессы выпуска продукции, относящейся к категории опасных грузов и имеющей высокий экспортный потенциал.

Продукция предприятия предназначена для поставок в различные страны мира, в том числе с использованием стратегического маршрута ТМТМ (Транскаспийского международного транспортного маршрута).

Особое значение в данном проекте приобретает участие KTZ Express – единственной компании в Казахстане, обладающей полным комплексом разрешений и международных лицензий для транспортировки опасных грузов, а также многолетним опытом в обеспечении безопасности и надежности перевозок на глобальном уровне. Это важно, так как данная продукция требует особого подхода к транспортировке, в том числе строгого соблюдения международных норм и стандартов безопасности.

В рамках встречи стороны обсудили маршруты доставки, этапы логистического сопровождения, оптимизацию таможенных процедур и иные практические вопросы, способствующие построению эффективной, быстрой и безопасной цепочки поставок.

Асель ШАЙХЫНОВА

Фото автора

КҮЗГІ ЖЕҢІЛДІКТЕР



«Жолаушылар тасымалы» АҚ теміржол билеттеріне күзгі жеңілдіктер маусымының басталғанын хабарлайды. Жеңілдіктер 2025 жылдың 22 қыркүйегінен 23 қазанға дейін қолданылады.

Осы кезеңде жолаушылар 7 бағыт бойынша билеттерді төмендетілген бағамен сатып ала алады. Таратып айтсақ, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі және бейсенбі күндері жүретін пойыздар: №9/10 «Астана-Алматы» пойызына отыратын орындарға 40% жеңілдік және №65/66 «Астана-Жезқазған» пойызының туристік вагондарының купелік орындарына 25% жеңілдік қарастырылады. №67/68 «Астана-Өскемен» пойыздарының туристік вагондарының үстіңгі орындарына 25%, №77/78 «Алматы-Маңғыстау» пойызының купе вагондарының үстіңгі орындарына 25%, №351/352 «Алматы-Өскемен» пойызы купе вагондарының үстіңгі орындарына 30%, №691/692 «Атырау-Ақтөбе» пойызының купе вагондарының үстіңгі орындарына 20% жеңілдік бар. Күн сайын қатынайтын пойыздар ішінде №11/12 «Алматы-Шымкент» пойыздарының туристік вагондарының купелік орындарына 25% жеңілдік көрсетілген.

Жеңілдікпен билеттерді www.bilet.railways.kz ресми сайты арқылы немесе вокзалдағы билет кассаларынан сатып алуға болады. Жолаушылар билеттерді пойыз жөнелтілерден 45 күннен 10 күнге дейін сатып ала алады. Бұл жолаушыларға сапарларын алдын ала жоспарлап, тиімді бағада билет алуға мүмкіндік береді.

Ұлан ОРАЗА

Актуально

БОЛЬШЕ 1 000 ПОЕЗДОВ ЗА 1,5 ГОДА

Более 1 000 контейнерных поездов «Тянь-Шань» отправлено из Синьцзянской зоны свободной торговли в страны, участвующие в инициативе «Один пояс, один путь», за последние полтора года.

Любовь РОВБА,
Астана

С момента запуска услуги в ноябре 2023 года поезда «Тянь-Шань» совершили в общей сложности 1 077 рейсов, которыми было перевезено 108 463 стандартных контейнера с товарами весом около 1,95 миллиона тонн.

За счет упрощенных таможенных процедур время оформления сократили на 2-3 часа, а частоту отправок увеличили до семи поездов в неделю.

Маршруты соединяют Синьцзян (Северо-Западный Китай) с более чем 100 партнерами в странах, участвующих в инициативе «Один пояс, один путь», в основном в Центральной Азии, включая Казахстан.

По данным администрации Синьцзянской пилотной зоны свободной торговли, в первой половине 2025 года совершено 412 рейсов поездов «Тянь-Шань», при этом объемы перевозок в количественном и стоимостном выражении увеличились на



72,9% и 58,47% в годовом исчислении соответственно. Каждый из вышеуказанных показателей достиг новых исторических максимумов.

Поезда «Тянь-Шань» стали «золотым каналом» для расширения открытости Синьцзяна внешнему миру и важным

средством транспортировки для интеграции СУАР в совместное строительство «Пояса и пути». Непрерывное расширение списка маршрутов и повышение операционной эффективности принесли реальные результаты.

Фото автора

К ЕДИНОМУ ТРАНСПОРТНОМУ ПРОСТРАНСТВУ



СОТРУДНИЧЕСТВО

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана

Главы правительств государств – членов ЕАЭС рассмотрели ежегодный доклад о реализации плана по цифровизации грузовых железнодорожных перевозок внутри ЕАЭС и с третьими странами, в частности с Китаем.

– К 2024 году государства – члены ЕАЭС обеспечили переход на цифровые транспортные документы при железнодорожных перевозках между Казахстаном, Россией и Беларусью, – отметил министр по торговле Евразийского экономического комиссии Андрей Слепнев. – Помимо этого, ведется активная работа с Китаем.

Так, в 2024 году между казахстанскими и китайскими железными дорогами показатель полноты и качества данных, подлежащих электронному обмену, достиг 80-90%. За последние несколько лет уровень обмена электронными

данными между АО «НК «ҚТЖ» и железнодорожными перевозчиками России и Кыргызстана превысил 80%.

Андрей Слепнев подчеркнул, что союз продолжит наращивать объемы железнодорожных грузоперевозок с применением цифровых транспортных документов.

Результатом соответствующей практической работы является как упрощение процедур и снижение издержек для бизнеса, так и максимальное ускорение движения товаров.

В 2025 году планируется постепенное расширение географии перевозок, которые будут оформляться электронной накладной.

Кроме того, в рамках Евразийского межправительственного совета главы правительств стран ЕАЭС дополнили «дорожную карту» ключевых направлений транспортной политики на 2024-2026 годы. Так, в нее включены такие

НА СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» ПРОДОЛЖАЮТСЯ РАБОТЫ ПО ОБНОВЛЕНИЮ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ. ЭТУ СТРАТЕГИЧЕСКУЮ ЗАДАЧУ ТОО «ТЕМІРЖОЛ ЖӨНДЕУ» ВЫПОЛНЯЕТ С ОПЕРЕЖЕНИЕМ ПЛАНА. ТАК, ЗА СЕМЬ МЕСЯЦЕВ 2025 ГОДА ОБНОВЛЕНО 166,6 КИЛОМЕТРА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПОЛОТНА, ИЛИ 100,8% ТАКОЙ РЕЗУЛЬТАТ СТАЛ ВОЗМОЖЕН БЛАГОДАРЯ СЛАЖЕННОЙ РАБОТЕ ВСЕХ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ БОЙЫНША
2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН

200

ЖҰЫҚ СТАНЦИЯ МЕН
ЖЕКЕЛЕГЕН ПҮНКТТЕРДІ
ДАМУ ТҮСІМДІЛІК ОТЫР.

2025 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА
ДЕЙІН МАГИСТРАЛЬДЫҚ
ЖЕЛІ ДИРЕКЦИЯСЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮШІН

16

МОБИЛЬДІ ҒИМАРАТ
ОРНАТУ ЖОСПАРЛАНУДА.

АҚТАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫНДА
САЛЫНЫП ЖАТҚАН
КОНТЕЙНЕРЛІК ХАБТЫҢ
ҚҰРЫЛЫСЫНА

243

МАМАН ЖҰМЫЛДЫРЫЛҒАН.

ЕКІ ЕСЕ ҚЫСҚАРҒАН

 **Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Астана



Быттыр Қазақстан үшін ТХКБ бойынша транзиттік тасымал мерзімін екі есе қысқартуға қол жеткізілді. Соның арқасында Алтынкөл мен Ақтау арасындағы тасымалға 3 күн уақыт кететін болды, ал Сианьнан Әзербайжанға дейінгі аралық 10-11 күн, Еуропаға дейін 20 күн уақыт кетеді.

Бұл туралы «Магистраль» сарапшылар алаңында КТЗ Express АҚ логистика департаментінің директоры Дина Бейсебай айтты.

– Бүгінгі таңда компания ТХКБ бойынша серіктестермен бірге тасымал көлемін арттыру және тар орындарды жою бағытында қарқынды жұмыстар жүргізуде. Бұл бағдарды дамыту үшін оның бойындағы терминал желілері бойынша интеграциялау жұмыстарына көңіл бөлініп отыр. Сонымен қатар біз өз тарапымыздан Қытай елімен бірге ТХКБ бойынша жөнелту нүктелерін дамытуға көңіл бөлуеміз. Мәселен, бұрын жөнелту нүктелері Қытайдың 7 провинциясында болса, биыл тағы екеуі қосылды. Сондай-ақ жүктер номенклатурасын ұлғайту жағынан да жұмыстар жүргізілуде. Бұрын тек текстиль, автомобиль, қосалқы бөлшектер болса, қазір оның түрлерін көбейтіп жатырмыз, одан бөлек бағдарды цифрлық трансформациялау жұмыстары да бар, бұл тасымалды клиенттер үшін айқын ете түседі және адами факторды азайтады, – дейді «КТЗ Express» АҚ логистика департаментінің директоры Дина Бейсебай.

ТӨРТ ВОКЗАЛ ЖАҢАРАДЫ

 **Нұрсая НҰРЛАНҚЫЗЫ,**
Орал



Қазақстанда 125 теміржол вокзалын жаңарту бойынша ауқымды бағдарлама аясында Батыс Қазақстан облысында төрт вокзал жаңғыртылуда.

Олар – Орал, Қазақстан, Шыңғырлау және Семиглазый Мар станцияларындағы вокзалдар. Қолға алынған жұмыстар жолаушылар үшін қолайлы жағдай жасауға және қызмет көрсетудің заманауи стандарттарын қамтамасыз етуге бағытталған. Вокзалдарда күту залдары, кассалық аймақтар, санитарлық үй-жайлар жаңартылады, инженерлік жүйелер ауыстырылады, жолаушыларды хабардар ету мен ақпараттандырудың заманауи кешендері орнатылады. Реконструкцияның маңызды бағыттары – мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасау, сондай-ақ терроризмге қарсы және өрт қауіпсіздігі шараларын қатаң сақтау.

Жолаушыларға ыңғайлы болу үшін Оралдағы вокзалда темір жолдардың үстінен заманауи конкорск өткелі салынады.

«ҚЫЗМЕТТІК ҚАРУ» ІС-ШАРАСЫ ӨТТІ

 **Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау



Сайтөес станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызмет ету аумағында «Қызметтік қару» жедел алдын алу іс-шарасы ұйымдастырылды.

«Қызметтік қару» жедел профилактикалық жұмыстары Көліктегі полиция департаментінің жоспарына сәйкес 11-15 тамыз аралығында өткізілді. Сай-Өтес станциясындағы алдын алу жұмыстары барысында ӘТЖК-нің күзетшілеріне және Сайтөес станциясына жүк пойыздарын күзетіп келетін серіктес жасақтарға тексеру жүргізілген. Нәтижесінде қызметтік қаруды сақтау, алып жүру және пайдалану тәртібін бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 484-бабы 1-бөлігіне сәйкес ӘТЖК-нің бір күзетшісі әкімшілік шараға тартылған. Оған он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынған.

Бұл жөнінде хабарлаған Сайтөес станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің басшысы Нұрлыбек Рахметовтің айтуынша, қызметтік қару негізінде ӘТЖК-нің барлық күзетшісіне беріледі екен. Тек кейбір себептер бойынша, яғни қаруды сақтау қоймасы болмаған жағдайда да ол жердегі күзетшілерге қару берілмеуі мүмкін. Өйткені қаруды сақтау ережесін білген маңызды. Оны қолдану бойынша күзетшілер жұмысқа орналасар алдында арнайы емтихан тапсырып, өтуі тиіс екен. Содан соң ғана олардың атына қару бекітілетін көрінеді.

– Жедел алдын алу профилактикалық іс-шарасының негізгі мақсаты – мекемелерге бекітілген қызметтік қарудың сақталуын, пайдалануын, алып-жүру қағидаларының бұзылуына жол бермеу, алдын алу. Осыған сәйкес біз Сайтөестегі ӘТЖК-нің күзетшілеріне, станцияға жүк пойыздарын күзетіп келетін серіктес жасақтарға қызметтік қаруды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы, алып жүру және сақтау қағидалары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Қаруға қашанда сақтықпен қарап, оны қолдануға құқы бар адамдар маңызды ережелерді ұмытпағаны абзал, – дейді Сайтөес станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің басшысы Нұрлыбек Рахметов.

Суретті түсірген автор

ТАБЫСТЫ ТАСЫМАЛ КЕПІЛІ



Қызылорда ЖТ бөлімшесінің оңтүстігіндегі Шиелі станциясының теміржол тасымалындағы стратегиялық маңызы зор. Мұнда жүк тиеу және түсіру көлемі ғана емес, пойыз қозғалысының қауіпсіздігі мен өндірістік үдерістердің тиімділігі де жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

 **Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Шиелі

Оның бір себебі – байырғы бекетте кіл кәсіби мамандар шоғырланған десек, әсте артық айтпаймыз. Станция кезекшілері, пойыз құрастырушылар, вагон құжаттарын рәсімдеуші операторлар және тасымал құжаттарын рәсімдейтін кассирлердің сауатты да үйлесімді жұмысының нәтижесінде жүк тасымалында ешбір кідірісті болдырмай, вагондарды межелі нүктеге уақытылы жеткізуде. Сонымен қатар жүк жөнелтуші мен жүк қабылдаушы клиенттермен тығыз байланыс орнату табысты тасымал кепілі болып отыр.

– Станцияға келетін әр вагон үшін жөнелту станциясынан бастап маршруттық бағдарлама алдын ала нақты белгіленіп, вагон ағыны мен айналымы қатаң бақылауда болады. Әрбір жүк вагонын қабылдап алғаннан бастап тиеу, түсіру, маневрлік операцияларға дейінгі аралықта логистикалық дәлдік пен уақыттық тәртіп қатаң сақталады. Бұл біздің жұмы-

сымыздың тиімділігін арттырады, – дейді станция бастығының орынбасары Нұрғали Әбжапбаров.

Шиелі станциясының жұмысы оның айналасында шоғырланған өндіріс орындары мен кәсіпорындардың белсенділігімен тығыз байланысты. Аймақтағы Цемент зауыты, «Қазатомөнеркәсіп» құрамындағы РУ-6 серіктестігіне қарасты мекемелер, тау-кен және құрылыс материалдарын өндіретін серіктестіктер, сондай-ақ бірнеше жеке кәсіпкерлер Шиелі станциясының қызметін тұрақты пайдаланып, жүк айналымын арттыруға үлестерін қосуда.

Станцияның 2025 жылдың алғашқы алты айындағы өндірістік көрсеткіштері – жоғары еңбек өнімділігінің айқын дәлелі. Алты ай ішінде жүк тиеу жоспары 2570 вагон болса, нақты 2944 вагонға немесе 205 261 тонна жүк тиеліп, жоспар 115 пайызға орындалған. Жүк түсіру көрсеткіші де 7350 вагон жоспармен 8136 вагонға жетіп, межеден 111 пайызға асыра орындалды. Бұл ай сайын орта есеппен 500 вагоннан кем емес жүк операциясы



жүзеге асырылып отырғанын білдіреді.

Ал жеті айдың қорытындысында жүк тиеу жоспары 3307 вагон болып бекітілсе, іс жүзінде 3536 вагонға жүк тиелген. Ал жүк түсіру жұмыстары бойынша 9000 вагонның орнына 10 180 вагон жүк түсіріліп, меже толықтай артығымен орындалған.

– Жұмысқа кіріспес бұрын жұмысшының жалпы жағдайы, денсаулығы тексеріледі. Өйткені темір жол – аса қауіпті аймақ. Мұндағы кез келген сәтсіздік үлкен қауіпке әкелуі мүмкін. Сондықтан жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету, техника қауіпсіздігін сақтау, кәсіби тәртіпке бағыну – біздің басты ұстанымымыз, – дейді Нұрғали Әбжапбаров.

Шиелілік теміржолшылар логистика процесін оңтайландырып, әрбір клиенттің талабына сай сапалы қызмет көрсету міндет деп біледі. Қазіргі таңда станцияда жүк ағынын арттыру, клиент тарту, пойыз айналымын тиімді басқару және техникалық жарактандыруды жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Суретті түсірген автор

Дөңгелек үстел

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Теміржол маңында мал жаю ережелерін сақтамау пойыздардың қауіпсіздігі мен жолаушылардың өміріне қауіп төндіретіні айтылды. ҚТЖ теміржол бойына қоршаулар салуды жоспарлы түрде жүргізіп келеді. 2025 жылы 12 000 км астам қоршау салынып, жөндеуде. Алты ай ішінде мал басу саны 33% төмендеді. Бұдан басқа, ҚТЖ әкімдіктерге құқық қорғау органдарымен және мал иелерімен бірлесіп, төрт түлкі теміржол маңына жақын келгенін анықтау және уақытылы шара қабылдау үшін үй малын чиптеуді ұйымдастыру туралы ұсыныс жолдады.

Магистральдық желі дирекциясының директоры Сәкен Рахметов теміржол өткелінде жол-көлік оқиғасының жиі орын алатынына алаңдаушылық білдірді. Оның айтуынша, оған автокөлік құралдары жүргізушілерінің жол қауіпсіздігі ережелерін өрсекел бұзуы бірден бір себеп болып отыр. Олардың өрсекелдігі сонша, тіпті кейде жабық шлагбаумдарды айналып өтуге және тыйым салу сигналына өтуге дейін барағыны сөз болды. Әлбетте, қауіпсіздік ережесін бұзушылық жазасыз қалмасы анық. ҚТЖ компаниясы ПМ мен ККМ бірлесе отырып, 2025 жылдың 13 наурызынан бастап теміржол өткелдерінде Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейткен. Енді теміржол өткелдеріндегі жол қозғалысы ережесін бұзушыларға 10-нан 20 АЕК-ке дейін (39 320 теңгеден 78 640 теңгеге дейін) айыппұл салынатын болады. «Теміржол өткелдерінен өту ережелерін

бұзушылықтар санын азайту бойынша пәрменді шаралардың бірі – бұзушылықтарды тіркейтін фото және бейнетіркеу кешендерін орната отырып, айыппұл салуды автоматтандыру. Осы мақсатта ЦЖС пилоттық жоба шеңберінде тиісті мекемемен келісімге келе отырып, 10 өткелге бейнебақылау жүйесін орнатты. Бұл жобаның жоғары тиімділігін нәтижесі көрсете бастады. Бір мысал, Жаңа-Қарағанды – Майқұдық аралығындағы өткелде жүйе орнатылғанға дейін жылына 480 ереже бұзушылық тіркеліп келсе, «Бүркіт» жүйесі енгізілгеннен бері бұзушылық 2,4 есе төмендеген. Бұл жоба жеке инвестициялар есебінен іске асырылып, мемлекет, азаматтар және жалпы қоғам үшін мультипликативті әсер етуде. 2025 жылға арналған жоспарда 40 өткелді жарактандыру көзделіп отыр», – деді Сәкен Рахметов.

Дөңгелек үстел басында «Жолаушылар тасымалы» АҚ өкілі «2025-2027 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының темір жолында мүлктің қауіпсіздігі мен сақталу деңгейін арттыру жөніндегі» Жол картасы пункттерінің іске асырылу барысы туралы хабарлады. Жол картасының 4-тармағы бойынша көзделген іс-шараларды орындау шеңберінде жолаушылар вагондарында бейнебақылау жүргізу туралы жолаушыларды хабардар ету туралы нақты шаралар қабылданған. Мәселен, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның барлық өңірлік филиалдарына «ЗИКСТО» ЖШС-нен сатып алынған

жаңа жолаушылар вагондарында «Бейнебақылау жүргізілуде» деген жазуы бар ақпараттық тақтайшаларды міндетті түрде орналастыруды көздейтін ресми нұсқау жіберілген. Бұдан басқа, жаңа жолаушылар вагондарын одан әрі жеткізу шеңберінде әрбір вагонды бейнебақылау жүйесімен міндетті жарактандыру көзделген. Бұл жүйелерге дербес деректерді қорғау және тасымалдау қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік актілердің талаптарына сәйкес бейнематериалдарды жазу және сақтау мүмкіндігі бар жоғары ажыратымдылықтағы камералар кірмек.

Жолдың жоғарғы құрылымының элементтерін ұрлау фактілері де теміржолшылардың алаңдаушылығын тудырады. Ағымдағы жылдың 6 айында ұрлықтың 6 жағдайы және бүлінудің 4 жағдайы тіркелген. «ҚТЖ» ҰК» АҚ қауіпсіздік департаментінің директоры Марат Шакиновтің айтуынша, ұрлық жасағаны үшін жазаны қатаңдату және металл сынықтарының қанағаттанғысыз жағдайда екені көтерілді, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың теміржол мен автомобиль жолдары қиылысатын жерлерде және жаяу жүргіншілер қозғалысы қарқынды учаскелерде жол өтпелерін, туннельдер мен жаяу жүргіншілер көпірлерін салу қажеттігі сөз болды.

ТОСЫН ЖАЙТҚА ТОЛЫҚТАЙ ДАЯР



 **Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Дем сәтте келіп жеткен өрт сөндіру пойызының қызметкерлері ширақ қимылмен іске кірісті. Өрт шыққан ПЧ-39 мекемесінің №3 өндірістік учаскесінің 10-шы линия бөлімшесі желі бойына таяу орналасқан.

Өрт ошағы шағын, жолшылардың демалыс бөлмесінен шығыпты. Өрт сөндірушілер бір оқпанмен ғана жедел қимылдап, қызыл жалынды жылдам сөндірді. «Апат» аумағы 5 шаршы метр ғана жерді қамтиды. Әйтсе де, одан төнер қауіп орасан. Семей станциясындағы өрт сөндіру пойызының жігіттері осыдан екі жыл бұрынғы 15 орманшыны ажал құштырған үлкен өртті сөндіруге қатысқандарын әлі де ұмытқан жоқ. Орын алуы мүмкін барлық тосын жайтқа мейлінше даяр болу қажет.

Семей станциясындағы №24 өрт сөндіру пойызына кезекті дабыл келіп түсті. Семей – Локоть телімі бойындағы Дүйсекен станциясындағы жолшылар қосынынан өрт шыққан. Таяқ тастам жерде сыңсыған қарағайлы орман, іргелес теміржолшылар үй-жайы тұр. Алапат апатқа айналмай тұрғанда тілсіз жауды жылдам түрде ауыздықтау қажет. Қызыл жалын жалаң қолмен күресіп жатқан жолшыларға бой берер емес.

Абыройы сол, бүгінгі оқиға өрт-тактикалық оқу жаттығу іс-шарасы болатын. Ал шартты түрдегі оқиға сценарийі жоғарыдағыдай.

Осылайша «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Р.Садырқұловтың ЦРПБ/44-И номерлі өндірістік қауіпсіздік бойынша жоспарлы іс-шарасы аясында семейлік өрт сөндіру пойызының қызметкерлері кәсіби шеберліктерін шыңдады.

– Бүгінгі өткізілген оқу-жаттығуға өрт сөндіру пойызының он сарбазы қатысты. Вахталық жұмысшылар қосынынан шыққан шартты түрдегі өрт жылдам оқшауланды. Берілген жауынгерлік тапсырма толық көлемде орындалды. Өрт сөндірушілер әрекеті жоғары деңгейде деп бағалануда. Кез келген тосын жайтқа тас-түйін даярмыз, – дейді Семей станциясындағы Өрт сөндіру пойызы бастығының міндетін атқарушы Тілеуабыл Бисенғазин.



Айта кетерлігі сол, қазіргі уақытта Семей ЖТ бөлімшесі бойынша кең көлемде өрт қауіпсіздігі айлығы да өткізіліп жатыр. Бұл ретте семейлік өрт сөндіру пойызының сарбаздары кез келген апаттың алдын алуға әрдайым әзір екендіктерін тағы бір мәрте толық дәлелдеді.

Суретті түсірген автор

ИТОГИ ВНИМАНИЕ К ДЕТАЛЯМ

За семь месяцев текущего года в Книгу замечаний от локомотивных бригад Алматинского эксплуатационного локомотивного депо поступило 3 439 рапортов. Для сравнения: за аналогичный период прошлого года их было 2 884. Таким образом, динамика с начала года наглядно демонстрирует рост количества замечаний, фиксируемых в Книге машинистов.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Увеличение числа обращений – это не просто сухая статистика. Оно свидетельствует о возросшем внимании со стороны локомотивных бригад к вопросам безопасности, а также о стремлении своевременно фиксировать выявленные недостатки. За каждым рапортом стоит желание улучшить качество работы и обеспечить безаварийное движение поездов. Вместе с тем по итогам семи месяцев 2025 года 277 обращений машинистов из различных служб остались без

ответа в установленные сроки, что требует особого внимания. Рост числа рапортов связан прежде всего с применением локомотивными бригадами экстренного торможения. Так, за семь месяцев текущего года ими было зафиксировано 396 подобных случаев против 379 за аналогичный период 2024 года. Из них 85 случаев пришлось из-за появления людей на путях (год назад – 88), при этом с наездом зарегистрировано шесть случаев. Каждое экстренное торможение детально разбирается, чтобы установить причины и разработать меры

по предупреждению подобных ситуаций в будущем. Однако не только человеческий фактор влияет на безопасность. С начала года по вине ремонтных предприятий зарегистрировано 15 случаев нарушений, что также указывает на необходимость усиления контроля за качеством технического обслуживания. Вместе с тем эксплуатационные показатели депо демонстрируют стабильность и положительную динамику. При плане перевозочной работы 13 218,937 миллиона тонно-километров брутто фактически выполнено 13 355,932, или 101,04%. Среднесуточная производительность локомотива при плане 877 тысяч тонно-километров брутто составила 897, что соответствует 102,29%. Техническая скорость при плане 42,38 километра в час фактически достигла 42,98 километра в час (выполнение на 101,43%). Для дальнейшего укрепления безопасности движения в Алматинском эксплуатационном локомотивном депо проводится комплексная работа: проверяется деятельность локомотивных бри-

гад в пути следования, контролируется содержание локомотивов, организация отдыха работников, а также качество обслуживания приборов безопасности. При этом применяются эффективные методы и формы организации труда, направленные на исключение аварийных ситуаций. – Вопросы безопасности всегда стоят на первом месте, мы тщательно следим за техническим состоянием локомотивов, проводим регулярные осмотры, плановые и внеплановые ремонты, проверяем работу всех систем, – говорит заместитель начальника депо по эксплуатации Серик Бердукулов. Особый акцент делается на деятельность машинистов-инструкторов. По мнению Серика Каримовича, именно они являются связующим звеном между теорией и практикой, гарантом того, что железная дорога работает слаженно, а поезда следуют по графику и без происшествий. Наряду с этим большое внимание уделяется улучшению качественного состава локомотивных бригад, повышению требовательности к исполнению должностных обязанностей, а также росту квалификации работников за счет совершенствования технической учебы. Обязательной частью работы остается строгий контроль за соблюдением правил охраны труда и техники безопасности каждым сотрудником. Машинисты регулярно проходят дополнительные тренировки и обучение действиям в нестандартных ситуациях.

Фото автора

ПО НОВЫМ РЕЛЬСАМ



Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

В 2025 году был запланирован капитальный ремонт пути подрядным способом в объеме 58,28655 километра пути, в частности по нечетному пути перегона Еркеншилик – Едыге – 27,6759 километра. Станция Сороковая – Сары-Оба – 13,92325 километра пути, на однопутном участке Аксу-1-2 – 12,6309 километра, в том числе 1 гл. путь Аксу-1, 2 гл. путь Аксу-2. Кроме того, Спутник – Бастау в объеме 4,0565 километра пути. На сегодня выполнено на однопутном участке: на перегоне Аксу-1-2 (в том числе 1 гл. путь Аксу-1, 2 гл. путь Аксу-2)

В летний период железнодорожники Павлодарской магистральной сети провели ремонт путей, в том числе возведены скотоизгороди. Работы по реконструкции железной дороги Павлодарского Прииртышья продолжаются.

полностью выполнена укладка РШР, уложено 28 пар плетей при плане 29, отсыпано щебня в объеме 35 552 кубометров при плане 38 904 кубометров, работы продолжаются; на перегоне Спутник – Бастау (в том числе 1 гл. путь рзд. Бастау) реконструкция закончена на 100%, как и на перегоне Еркеншилик – Едыге нечетный путь (в том числе 1 гл. путь ст. Едыге). На перегоне Сары-Оба – Сороковая нечетный путь – укладка РШР, это 21 пара плетей, прибыло 16 пар плетей, уложено пять, ремонт продолжается. Усиленно-средний ремонт пути при плане 5,2 километра выполнен в объеме 9,608 километра, в том числе ПЧ-18 Ерейментау – 3,752 километра, ПЧ-30 Екибастуз – 0,556,

ПЧ-32 Павлодар – 5,3. Средний ремонт пути на этапе завершения, 6,6 километра уже реконструированы. Смена рельсовых опор запланированы на третий квартал. Общее число сплошной смены стрелочных переводов с железобетонными брусьями составило 83 комплекта. Сейчас получены еще 28, из них уложены 27 комплекта стрелочных переводов с железобетонными брусьями и 18 комплектов стрелочных переводов старогодными. На 2025 год по НЖС-3 запланировано строительство скотоизгороди в годовом объеме 88,7 километра, выполнено 39,6, в том числе по ПЧ-18 Ерейментау – 16, ПЧ-30 Екибастуз – 14, ПЧ-32 Павлодар – 9,6. Текущий ремонт скотоизгороди по плану 630,4 километра, на сегодня работы завершены на 338,5 километра. Это ПЧ-18 Ерейментау, ПЧ-30 Екибастуз, ПЧ-32 Павлодар. Железнодорожниками произведено оздоровление шпального хозяйства при текущем ремонте в объеме 4 307 новых деревянных шпал, восстановление технических параметров крестовин методом наплавки в общем объеме 128 штук, дефектных мест рельсовых плетей методом АЛТС – 141 место, в том числе по ПЧ-18 – 41 и по ПЧ-32 – 100 мест.

БЕЗОПАСНОСТЬ НА РЕЛЬСАХ – ОБЩАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ



Айлин БАУРЖАН,
Кокшетау

Несанкционированные переходы железнодорожных путей, хождение по рельсам, игнорирование предупреждающих знаков – именно эти опасные привычки стали основной причиной травматизма среди посторонних граждан в Акмолинском регионе во втором квартале 2025 года. Чтобы изменить ситуацию, в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» состоялось заседание Координационного совета по предупреждению несчастных случаев. В работе совета приняли участие представители транспортной прокуратуры, инспекции транспортного контроля, линейного управления и отделения полиции Астаны и Кокшетау, ТОО «ВЖД», руководители станций, локомотивных и вагонных депо, дистанций пути, сигнализации и связи, электроснабжения, а также специалисты магистральной сети. Открывая встречу, главный



инженер филиала Сайран Баржакин подчеркнул, что проблема травматизма на железной дороге остается серьезной, несмотря на регулярные профилактические мероприятия. – Железная дорога – зона повышенной опасности. Каждый несанкционированный переход через пути – это риск, который может стоить жизни. Мы обязаны сделать все, чтобы донести это до каждого жителя, особенно до детей, – отметил он. По статистике, наиболее частое нарушение – хождение по путям

и переход в неустановленных местах. Жители населенных пунктов, расположенных вблизи железной дороги, зачастую сокращают путь, игнорируя знаки и громкоговорящие предупреждения. Особенно тревожно, что такие нарушения фиксируются и вблизи станций, где движение составов наиболее интенсивно. Для повышения уровня безопасности Акмолинское отделение внедряет комплекс мер. Руководители станций и локомотивных депо ежемесячно проводят онлайн-разъяснения в школьных

чатах, распространяют материалы через популярные мессенджеры и социальные сети – Instagram, TikTok, WhatsApp. Журналистские публикации на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности» регулярно появляются в районных и городских СМИ – за отчетный период их было 82. Помимо информационной работы ведется и практическая профилактика. За три месяца проведено 157 совместных рейдов с участием полиции и работников магистральной сети, организовано более 300 бесед с жителями и учащимися. Дежурные по станции каждые два часа через громкоговорящую связь напоминают о запрете перехода путей в неположенных местах и предупреждают о маневровых работах. Подводя итоги заседания, Сайран Баржакин поблагодарил участников за системную работу и подчеркнул, что на достигнутом останавливаться нельзя. – Безопасность – это процесс, а не разовая акция. Наши усилия должны продолжаться каждый день на протяжении всего года. Только совместными действиями мы сможем предотвратить трагедии, – резюмировал он. Координационный совет принял решение продолжить профилактические мероприятия с особым акцентом на населенные пункты, расположенные в непосредственной близости от железной дороги, и расширить охват информационной кампании.

Фото автора

КОНТЕЙНЕРНЫЕ ОБОРОТЫ



Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



В Костанайском отделении ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» продолжают стремительно наращивать объемы контейнерных перевозок.



По данным начальника отдела логистики филиала Кенеса Дюсекева, за семь месяцев текущего года по отделению погружено 13 672 фитинговые платформы общим весом 812,9 тысячи тонн, из которых сформировано 419 организованных маршрутов. По сравнению с прошлым годом, погрузка увеличилась на 10 627 контейнеров, или на 67%, а также на 5 372 контейнерных вагона, что составляет 332,8 тысячи тонн. Среди перевозимых грузов наибольшие объемы пришлось на продукты перемолы – 9 453 фитинговые платформы (577,1 тысячи тонн), из них было сформировано 302 маршрута, что на 7 934 контейнера больше, чем в прошлом году. Зерновые культуры составили 820 фитинговых платформ (74,9 тысячи тонн), 2 686 контейнеров, из которых сформировано 22 маршрута, асбест со станции Житикара – 1 411 фитинговых платформ (117,6 тысячи тонн) и 3 778 контейнеров, из них сформирован 61 организованный маршрут.

Эти результаты демонстрируют динамичное развитие контейнерного направления и рост эффективности работы Костанайского отделения, укрепляя его позиции как одного из лидеров грузоперевозок в регионе.

Фото автора

ЗНАНИЯ ЗАКРЕПИЛИ НА ПРАКТИКЕ



Любовь РОВБА,
Астана



Практическое учение по расследованию уголовных правонарушений, связанных с железнодорожными происшествиями, провели на базе учебного центра АО «НК «КТЖ» в Астане.



В мероприятии под председательством заместителя министра внутренних дел Санжара Адилова приняли участие железнодорожники, руководство и следственно-оперативные службы департамента полиции на транспорте, а также преподаватели Академии управления. Во время учений отдельное внимание уделено осмотру места происшествия при нарушении правил безопасности движения или эксплуатации железнодорожного транспорта. Участники отметили, что грамотно проведенный осмотр является основным источником доказательств по уголовному делу и залогом успешного расследования. Кроме того, проведено практическое занятие с использованием дронов для фиксации обстоятельств происшествия по факту наезда. Сотрудники Академии управления, следственного департамента и специалисты по блокчейн-криминалистике и экономике цифровых активов в своих докладах рассказали о деятельности транспортной полиции и специфике расследования уголовных дел, связанных с железнодорожными происшествиями. – Расследование уголовных дел должно вестись открыто и справедливо. Это наша прямая обязанность. Каждое дело должно расследоваться строго в рамках закона, на основе доказательств и объективного анализа. Прозрачность расследования – залог доверия граждан. И мы должны прилагать все усилия, чтобы это доверие сохранить, – отметил Санжар Адилов. По итогам учений участники сошлись во мнении, что подобные мероприятия способствуют совершенствованию профессиональной подготовки железнодорожников и транспортных полицейских, обмену опытом и повышению эффективности работы по обеспечению безопасности на транспорте.

Фото автора

№66-67 (3105-3106) 19/08/2025

Бала арманы – әнші, әке-шеше ақылы – есепші, ал жүрегі жолсерікті таңдаған еді. Түптің түбінде жүрек таңдауы жеңіп, жолсерік болды. Бүгінде осы қызметтің көрігін қыздырып жүргеніне 30 жылға таяпты. Бибігүл Өмірзаққызын әріптестері өз орнын тапқан маман деп біледі.

БИБІГҮЛДІҢ ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Балалық шағы кіндік қаны тамған Ақмола өңіріндегі Құдықағаш ауылында өткен қыз өнердегі Бибігүл апасына еліктеп, ән салатын. Әнші болсам деп армандайтын. Бірақ ата-ана ақылына құлақ асып, әнші болу арманын балалық шағына қалдырған, Бибігүл есепші мамандығын алып, еңбек жолын ПМК-401 мекемесінде бастады. Алайда өмір ағысы басқа арнаға бұрып, оны теміржолға алып келді.

1998 жылдың 20 қаңтарында алғаш рет жолсерік ретінде сапарға шыққан Бибігүл сол күнді әлі күнге ұмытқан емес. Аязды күн, аз жолаушы, алғаш рет киген қызметтік форма – бәрі ерекше әсер қалдырған еді.

– Басында жүрексіндім. Бірақ өзіме-өзім сеніп, бұл жолдан қайтпауға бел будым. Әр рейс – жаңа оқиға, маған қатты ұнайтын, – дейді ол.

Теміржол саласында жиырма жылдан астам уақыт еңбек еткен ол электропоездардан бастап, қала маңындағы жолаушылар пойыздарына дейін қызмет етті. Бағдар әркелі болғанымен, жолаушыға қызмет бірдей.

Жолсеріктің жұмысы тек билет тексерумен шектелмейді. Оның ішінде жауапкершілік, тәртіп, адами қарым-қатынас жатыр. Сондықтан да кейіпкеріміз үнемі білімін жетілдіріп, біліктілік курстарына қатысып отырады. Курстарда ұмыт қалған ережелерді еске түсіріп, әріптестермен тәжірибе алмасады.

Биылғы жыл Бибігүл үшін ерекше сәттерге толы болды. Ол «Үздік жолсерік» белгісімен қатар көпжылғы еңбегінің құрметіне «20 жыл» күміс белгішесмен марапатталды. Еңбегін ескерген басшылыққа алғысы мол. Десе де, Бибігүл Өмірзаққызы үшін



ең үлкен марапат – жолаушының алғысы.

Кейіпкеріміз жол бойында адам өмірімен байланысты түрлі жағдайлар болып жататынын айтады. Бірде жас келіншектің пойызға отырғаннан кейін толғағы басталыпты. Жолсеріктің жылдам әрекетінің арқасында жедел жәрдем шақырылып, болашақ ана аман-есен дәрігерлер қолына тапсырылған. «Босану уақыты басталып кеткен соң өзіміз қабылдауға дайын тұрдық, абырой болғанда дәрігерлер келіп үлгерді», – дейді сол сәтті еске алып.

Айтпақшы, Бибігүл бір кезде балалық шағында қалдырған әншілік өнерін де өрге алып шыға білді. «Алмагүл» фольклорлық ансамбліне ән салып, сахнаға да шықты. Ал бос уақытында шаңғы теуіп, орманда серуендегенді, суда жүзгенді ұнатады. Жұмыста – жолсерік, сахнада – әнші, үйде – әже. «Өмірімді қайта бастасам, бұл мамандықты тағы таңдар едім. Жолсерік – жәй жұмыс емес, өмірлік жол. Сабырлық, төзімділік, жауапкершілікті талап етеді, ең бастысы адамдармен дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыратын кәсіп», – дейді Бибігүл өз қызметіне риясыз көңілін білдіріп.

Суретті түсірген автор

ТЕМІРЖОЛШЫ ОТБАСЫ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Шымкентте «Мерейлі отбасы» байқауының қалалық кезеңі қорытындыланып, онда теміржолшылар отбасы жеңімпаз атанды. 20 отбасы арасынан үздік атанған Нұртаевтар әулеті енді қыркүйекте Астанада өтетін республикалық кезеңге жолдама алды.



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Бүкіл өмірін теміржол саласына арнаған Нұрғали Нұртайұлы оңтүстікте ғана емес, республикаға танымал теміржолшы. Кезінде ақ адал еңбегімен даңқы шығып, аты аңызға айналған азаматтармен қатар еңбек еткен ол бүгінде шымкенттік теміржолшы-ардагерлер арасында белсенді зейнеткер. Саламатты өмір салтын ұстанып, ұрпақтар сабақтастығын жалғап отырған қарияның ғұмыры көпке үлгі боларлық.

Ізгілікті насихаттап, ұлттық құндылықты өнеге еткен Нұртаевтар әулеті ойласа келе осы байқауға қатысуға шешім қабылдаған. Ұйымдастырушылардың

айтуынша, байқауға қатысуға қаладағы 5 ауданнан 189 өтінім түскен. Соның ішінен 20 отбасы іріктелген. Бас-аяғы бір жарым айға созылған сан түрлі іріктеу кезеңдерінен сүрінбей өткен Нұртаевтар әулеті республикалық байқауда Шымкенттің намысын қорғауға лайық деп танылған. Негізінен, ұлттық құндылықтарды ұстанған отбасыларды дәріптеуді мақсат еткен бұл жоба биыл 12-ші рет өтіп отыр екен. Биылғы жылды Мемлекет басшысы «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауына орай, осы санатқа сай келетін отбасыларға көбірек көңіл бөлінген көрінеді. Сонымен қатар үміткерлердің Шымкент қаласының дамуына қосқан үлесі мен балаларының жетістіктері



де назардан тыс қалмаған. Ал Нұртаевтар әулетінен тараған ұрпақтың көпшілігі – нағыз теміржолшылар. Әулеттің бұл саладағы еңбек өтілінің жалпы жиынтығы 407 жылды құрайды. Түлкібас ауданының Састөбе ауылында туып-өскен Нұртай ақсақалдың жары Әсия мен қос інісі Мырзағали, Мырзабек те өмірін осы саламен өрбіткен жандар. Ал ұлы Болат пен қыздары Жанат, Ләззат, неме-

релері Нұрсұлтан мен Дастан, Дәулен және Досбол, Ақтолқын да ата салған сұрлеу-соқпақпен жүріп келеді.

Осылайша, отбасы институтын нығайту әрі өскелең ұрпақ бойында патриоттық сезім қалыптастыруды көздейтін байқауда жеңіске жеткен теміржолшылар әулеті бағалы сыйлық пен қаржылай жұлде қорының сертификаттына ие болды. Алда Астана сапары...

Суретті түсірген автор

ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН...

